


«БЕКІТІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері
комитетінің төрағасы


_____ Р.Б. Есеналин
« ____ » _____ 2025 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстандық бокс
федерациясы» қауымдастық
түріндегі заңды тұлғалар
бірлестігінің атқарушы директоры


_____ Р.Е. Игенов
« ____ » _____ 2025 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Түркістан облысының
Дене шынықтыру және спорт
басқарма басшысының м.а.


_____ А.М. Нақыпбеков
_____ 2025 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Түркістан облыстық
бокс федерациясының
президенті


_____ С.Б. Кушенов
_____ 2025 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Түркістан кәсіпқой бокс клубы»
МККК директоры


_____ К.К. Ералиев
_____ 2025 ж.

**Бокстан ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, Олимпиада чемпионы
Б. Саттархановты еске алуға арналған халықаралық жарысты
өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Түркістан қаласы

1-БӨЛІМ. Спорттық жарыстардың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні, спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту күндері

1.1 Бокстан ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, Олимпиада чемпионы Б. Саттархановты еске алуға арналған халықаралық жарысы (бұдан әрі – Жарыс) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы №402 бұйрығымен бекітілген 2025 жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесінің «Жазғы олимпиадалық спорт түрлері» 5-бөлімінің «Бокс» деген 12-кіші бөлімінің 124-тармағына сәйкес өткізіледі.

1.2. Жарыс **2025 жылғы 30 наурыз-5 сәуір аралығында** Б.Саттарханов атындағы спорт кешенінде (Түркістан облысы, Түркістан қаласы) өтеді.

- 30 наурыз – қатысушылардың келу күні, мандаттық комиссия отырысы сағат 15.00 мен 17.00 аралығында, жеребе сағат 18:00;

- 31 наурыз – салмақ өлшеу рәсімі сағат 08:00-ден бастап 09:00-ге дейін, алдын ала жекпе-жектер сағат 12:00-ден бастап, турнирдің ашылуы сағат 15:00-де;

- 1 сәуір – салмақ өлшеу сағат 08:00-ден бастап 09:00-ге дейін, алдын ала жекпе-жектер сағат 14:00-ден бастап;

- 2 сәуір – салмақ өлшеу сағат 08:00-ден бастап 09:00-ге дейін, ширек финалдық жекпе-жектер сағат 14:00-ден бастап;

- 3 сәуір – салмақ өлшеу сағат 08:00-ден бастап 09:00-ге дейін, жартылай финал сағат 14:00-ден бастап;

- 4 сәуір – салмақ өлшеу сағат 08:00-ден бастап 08:30-ге дейін, финал 12:00-ден бастап; марапаттау, сайыстарды жабу;

- 5 сәуір – қатысушылардың кетуі.

1.3. Жарыс 2024 жылғы 19 шілдедегі «Қазақстандық бокс федерациясы» қауымдастық түріндегі заңды тұлғалар бірлестігі 2024 жылғы 19 шілдедегі бекітілген «Бокс» спорт түрі бойынша Қағидалары мен осы Ереженің талаптарына сәйкес өткізіледі және оның барысында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы №74 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9930 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларының сақталуы тиіс.

1.4. Жарыстың тікелей өткізілуі Қазақстандық бокс федерациясымен (бұдан әрі - Федерация) бекітілген бас төрешіге және бас төреші анықтаған төрешілер алқасына жүктеледі.

1.5. Жарыс барысында 1 ринг қолданылады.

1.6. Жарыс аясындағы жекпе-жектер 3 минуттық 3 раундтан, олардың арасында 1 минуттық үзілістерден тұрады.

2-БӨЛІМ. Қатысушы ұйымдар, жарысқа қатысушылардың сандық құрамы

2.1. Жарысқа белгіленген мерзімдерде осы Ереженің талаптарына сәйкес қажетті құжаттарды ұсынған, спорттық атағы СШҮ төмен емес Қазақстан Республикасының азаматтары және алыс-жақын шетелдік спортшылар қатыса алады.

2.2. Жарысқа 2007-2008 жылы туған спортшылар келесі салмақ дәрежесі бойынша қатыса алады:

Ұлдар 13 салмақ дәрежесі: 48 келі, 51 келі, 54 келі, 57 келі, 60 келі, 63,5 келі, 67 келі, 71 келі, 75 келі, 80 келі, 86 келі, 92 келі, +92 келі.

Қыздар 6 салмақ дәрежесі: 50 келі, 54 келі, 57 келі, 60 келі, 63 келі, 66 келі.

2.3. Әр команда құрамында 10 спортшы, 2 жаттықтырушы және 1 төреші болуы тиіс.

2.4. Команда қатарында міндетті түрде 1 төреші болу қажет.

3-БӨЛІМ. Медициналық-санитарлық және допингке қарсы қамтамасыз ету

3.1. Жарыс барысында медициналық қызметтің болуын, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалау жарыс өткізілетін жергілікті атқарушы органға Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына («Түркістан кәсіпқой бокс клубы» МКҚК) жүктеледі.

3.2. Жарыс барысында медициналық қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №361 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21943 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Спорттық іс-шараларды өткізу кезінде, спортшылардың денеге аса күш түсіруінен, ауруларынан және жарақаттануларынан кейін қалпына келтіру іс-шаралары кезеңінде спортшылар мен жаттықтырушыларды медициналық қамтамасыз ету және оларға медициналық көмек көрсету қағидалары сәйкес жүзеге асырылады.

3.3. Жарыстың қатысушылары жарыс аясында Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (бұдан әрі – ДДҚА) Дүниежүзілік допингке қарсы кодексінің ережелерін және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №18 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9812 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының допингке қарсы қағидалары (бұдан әрі – Допингке қарсы қағидалар) сақтау тиіс.

3.4. Спортшылар ДДҚА Дүниежүзілік допингке қарсы кодексінде және Допингке қарсы қағидаларында көзделген бұзушылықтар анықталған жағдайда, сондай-ақ спортшы допинг-сынамадан өтуге бас тартқан немесе сынамаларды тапсырмаған жағдайда, оларға қатысты санкция қолданылады.

4-БӨЛІМ. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі, қаржыландыру шарттары

4.1. Жарысқа қатысуға алдын ала өтінімдер **2024 жылғы 20 наурызға** дейін boksklub23@mail.ru электрондық мекен-жай бойынша қабылданады.

Қосымша сұрақтар бойынша келесі байланыс телефондары арқылы хабарласуға болады: +77026661117 (Бағжан Баймирзаев)

4.2 Жарыс басталар алдында, мандаттық комиссия отырысына дейін қатысушылар келесі құжаттарды тапсырулары тиіс:

- нысан бойынша соңғы өтінім;
- жеке басын куәландыратын құжат (төлқұжат немесе жеке куәлік);
- боксшының ІВА кітапшасы;
- бас миының магниттік резонансты бейнелеу нәтижесі;
- жарысқа қатысуға медициналық рұқсаттама;
- медициналық сақтандыру полисі.

Әр спортшы ресми салмақ өлшеу кезінде ІВА төлқұжатын ұсыну қажет. Аталмыш төлқұжат болмаған жағдайда спортшыға қатысуға тиым салынады.

4.3. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды уақытылы ұсынбаған спортшыларға Жарысқа қатысуға рұқсат берілмейді.

4.4. Жарыстың ұйымдастырылуын жалпы үйлестіруді Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы жүзеге асырады.

4.5. Жарысты өткізуге арналған шығыстар Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Түркістан кәсіпқой бокс клубы» МКҚК есебінен өтеледі:

4.5.1. «Түркістан кәсіпқой бокс клубы» МКҚК:

- жарыс өткізілетін спорт залды жалға алу және оны безендендіру;
- жарысқа шетелден келетін төрешілерді, жаттықтырушылар мен спортшыларды күтіп алып, орналастыру;
- шетел командаларының тұруы мен тамақтануын төлеу (5 боксшы, 1 жаттықтырушы, 1 төреші);
- баннер, диплом, медаль және шақыру қағаздарын әзірлеу;
- турнир вымпелін жасату және т.б.

4.5.2. Жарысқа Қазақстан Республикасының жастар құрама командасын **жіберуші ұйымдар** қолданыстағы заңнамасына сәйкес спортшыларды, жаттықтырушыларды, төрешілерді және ресми өкілдерді іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды (жол ақы, тәулік ақысы, тамақтану, тұру) өтейді.

5-БӨЛІМ. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі

5.1. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі салтанатты жағдайда өтеді.

5.2. Марапаттау рәсіміне өз салмақ дәрежесінде жеңімпаздар мен жүлдегелер болып келетін спортшылар қатысып, тиісті дәрежедегі медальдар және дипломдармен марапатталады.

5.3 Қорытынды нәтижелер (хаттамалар) және қағаз бен электрондық тасығыштардағы есептер жарыс аяқталғаннан кейін үш күн ішінде Қазақстан бокс федерациясына ұсынылады. Жарыс туралы есеп sport.manager@kfb.kz, reception@kfb.kz электрондық почтаға жіберілуі тиіс.

6-БӨЛІМ. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау

6.1. Халықаралық бокс қауымдастығының (ІВА) қолданыстағы Жарыс ережелеріне сәйкес наразылық білдіру тоқтатылды.

Бұл ереже Жарысқа ресми шақыру болып табылады.